

УДК 349.6:502.175

А.А. Садиров

Қазақстан Республикасында экологиялық төлемдерді өндіріп алудың мемлекеттік тетіктері

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Аннотация. Бұл мақалада экологиялық төлемдерді өндіріп алудың мемлекеттік тетіктері қарастырылған. Еліміздің аумағындағы орналасқан жер байлығын пайдаланғаны үшін мемлекеттік бюджетке түсетін міндетті төлемдерді төлеуге арналған арнайы мемлекеттік әдісі, мемлекеттік билік органдарының алдына қойған жобалары мен заңнамалық тұрғыдағы нормалардың қолданылуын дамытуға ұсыныс беруге арналған.

Түйін сөздер: экологиялық төлемдер, өндіріп алу, мемлекеттік тетіктер, мемлекеттік бюджет, міндетті төлемдер, арнайы мемлекеттік әдіс, мемлекеттік билік органдары, жер қойнауы.

Төлемдерді өндіріп алуды толық және дұрыс ұйымдастырудың аса маңызды бағыттарының бірі – экологиялық төлемдердің нақты сомасын бірыңғай есептеу әдісін әзірлеу болып табылады. Көрсетілген әдістемелік базаны құру жөніндегі міндет Экология және табиғи ресурстар министрлігіне жүктелгенін атап өту қажет.

1994 жылы 5 қазанда Министрлер Кабинетімен 1993 жылғы 15 қазандағы № 1024 қаулыға толықтырулар мен өзгерістер енгізілді. Осы өзгертулермен табиғат қорғау қоры «бюджеттен тыс» түрден «бюджеттің кіріс бөлігіне» [1] ауыстырылды. Енді ластаушы заттардың шығарындылары үшін экологиялық төлемдермен және тағы басқаларымен есеп айырысуды бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Бас салық инспекциясына жүктелді. Осыған байланысты, Бас салық инспекциясымен 1994 жылдың 5 тамызында №26 «Табиғатты қорғау қорына төлем енгізу және есептеу тәртібі туралы» Нұсқаулық қабылданды. Осы қаулыға сәйкес экологиялық төлемдерді өндіріп алуды ҚР ҚМ-нің Салық басқармасы жүргізеді [2]. Сондай-ақ, Салық кодексінің 10-тарауы толығымен экологиялық төлемдерге арналған [3]. Оның ішінде:

Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу

1. Осы бөлім жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу бойынша, мұнай операцияларын кіргізе отырып, қызметтің салық салу ерекшеліктерін реттейді және жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салықтарын есептеу және төлеу тәртібін белгілейді:

1) үстеме пайда салығы;

2) жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері:

а) бонустар (қол қойылатын, коммерциялық табу);

б) роялти;

в) Қазақстан Республикасының өнім бөлу жөніндегі үлесі. Осы Кодексте «жер қойнауын пайдалану бойынша операция», «мұнай операциялары», «мұнай» және «келісімшарт аумағы» ұғымдарының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану және мұнай туралы Қазақстан Республикасының заңнамаларында айқындалып көрсетілген маңызы бар;

г) өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асырушы жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе құзырлы орган мен отандық немесе шетел жер қойнауын пайдаланушылар арасында 2004 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған және міндетті салық сараптамасынан өткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта айқындалған салық режимі бойынша оларды қолдану мерзімі сақталады және қолданыста болады, Қазақстан Республикасының салық заңнамаларына өзгерістер енгізілуіне байланысты, тараптардың келісімі бойынша түзетулер енгізілуі мүмкін.

Өнімді бөлу туралы келісімшартпен белгіленген салық режимі жеке және заңды тұлғалардың салық және бюджетке төленетін міндетті төлемдерді төлеуді реттейтін Қазақстан Республикасының салық заңнамаларының ережелеріне

келісімшартқа (қорытынды) қол қойылған күннен бастап сәйкес келуі керек.

Егер, өнімді бөлу туралы салық сараптама-сынан өту күні мен өнімді бөлу туралы келісім-шартқа қол қойылған күн арасындағы мерзімде Қазақстан Республикасының салық заңнама-ларында өзгеріс болса, салық режимі қайталап сараптама өткізу арқылы осы өзгерістерге сәй-кестікке келтірілуі тиіс.

Сондай-ақ, келесі ставкалар қарастырылған:

1) меншікті пайдалы қазбалар:

а) мұнай, табиғи газ және газ конденсаты;

б) көмір және жанғыш тақтатастар;

в) тауар кені;

г) жерасты сулары, оның ішінде бастапқы өңдеуден өткен;

д) слюда, талшықтас, құрылыс материалда-рын дайындайтын шикізат;

е) металлургия үшін кенсіз шикізат;

2) құрамында қымбат бағалы металдар, құмда, кенде, концентратта болатын металдар;

3) кара, түсті, сирек және радиоактивті метал-дар концентраты, кен-химия шикізаты;

4) бастапқы өңдеуден өткен қымбат бағалы тастар, жарқырауық тас және пьезооптикалық шикізат;

5) басқа да пайдалы қазбалар бойынша – бастапқы өңдеуден өткен минералды шикізат.

Бастапқы өңдеуден өткен минералды шикізат сияқты басқа да пайдалы қазбаларды қоспағанда, қазбалы пайдалардың барлық түрлері бойынша роялти келесідей төленеді:

1) газ конденсатын қоса есептегенде, мұнай бойынша - газ конденсатын қоса есептегенде, өндірілген мұнайдың жинақталған көлеміне бай-ланысты белгіленген пайыз түріндегі өзгермелі шкала бойынша, әр күнтізбелік жылдың қызме-тіне және келесідей ставкалар бойынша:

500 000 тоннаға дейін - 2 пайыз;

500 000-нан 1 000 000 тоннаға дейін - 2,5 пайыз;

1 000 000-нан 1 500 000 тоннаға дейін - 3 пайыз;

1 500 000-нан 2 000 000 тоннаға дейін - 3,5 пайыз;

2 000 000-нан 2 500 000 тоннаға дейін - 4 пайыз;

2 500 000-нан 3 500 000 тоннаға дейін - 4,5 пайыз;

3 500 000-нан 4 500 000 тоннаға дейін - 5 пайыз;

4 500 000 -нан 5 000 000 тоннаға дейін - 5,5 пайыз;

5 000 000 тоннадан жоғары - 6 пайыз.

Егер, сұйық көмірсутегімен бірлескен газ тә-різді көмірсутегін жоғарыға шығару қарасты-рылса, онда роялтиді есептеу мақсатында осын-дай газ тәрізді көмірсутегі мынандай ара сал-мақта мұнайға айналдырылады: 1 мың текше метр газ тәрізді көмірсутегі 0,857 тонна мұнайға сай келеді;

2) қатты пайдалы қазбалар бойынша, алтын, күміс, платина, басқа да қымбат бағалы металдар және қымбат бағалы тастар – Қазақстан Респуб-ликасы Үкіметінің белгілеген ставкасы бойынша.

Осы Кодекспен белгіленген роялти став-касы жүргізілген өндіру түрінен тыс пайдалы қазбалардың барлық түрлері бойынша қолда-нылады.

Газ тәрізді көмірсутегін қайтадан жер қой-науына аударған кезде, роялти төленбейді.

«Қоршаған ортаны қорғау» Заңымен эколо-гиялық төлемдердің келесідей түрлері белгі-ленген [4]:

- табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін тө-лем. Осы жағдайда, субъект пайдалану құқығын жүзеге асыра отырып, белгілі бір табиғи ресурс-тарды пайдаланғаны үшін ғана төлейді. Осын-дай пайдалану кезінде табиғи ресурстың сапасы бұзылмайды және қоршаған орта ластанбайды;

- қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем. Төлемнің осы түрі ұйымдар мен азаматтар-дан ластанған заттардың шығарындылары мен тасталғандары, өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастырғаны үшін өндіріледі. Егер, кәсіпорын оларға ластанған заттардың тасталғандары белгіленген лимитін асырған жағдайда, төлем мөлшері еселенген тәртіпте өндіріліп алынады.

3) табиғи ресурстарды қорғау және ұдайы өндіріс үшін төлем. Төлемнің осы түрі кәсіп-орындардан өтемақы түрінде мемлекеттің ұдайы өндірісті пайдалануға жұмсаған қаражаты үшін өндіріледі.

1997 жылдың 22 қыркүйегінде Экология және биоресурстар министрінің бұйрығымен бекітілді [5]:

1) табиғи рекреациялық ресурстар үшін тө-лемді белгілеу бойынша әдістемелік ұсыныстар;

2) балық ресурстарын пайдаланғаны үшін тө-лемді белгілеу бойынша әдістемелік ұсыныстар;

3) жануарлар дүниесі ресурсын пайдаланғаны үшін төлемді белгілеу бойынша әдістемелік ұсыныстар.

Көрсетілген әдістер аталған табиғи объекті-

лерді пайдаланғаны үшін төлемдерді белгілеу механизмін бекітеді. Бұл жерде табиғи ресурстарды пайдалану сипаты, ресурс түрі, оның саны мен сапасы, жоспарлы пайдалану орны және мекендеу ортасы ескеріледі.

Табиғи рекреациялық аймақтың аумағында, сондай-ақ рекреациялық табиғи пайдаланушыларды жүзеге асыратын рекреацияның түрі ескеріледі: бұл не шипажай аймағы, немесе бұл, мысал үшін қала маңындағы аймақта туристік қызметті жүзеге асыратын аймақ. Осы әдістемеге сәйкес, республикалық салық заңнамаларымен белгіленген жалпы мемлекеттік салықтармен бірге, сондай-ақ рекреациялық аймақтың аумағына кіргені және келгені үшін жергілікті экологиялық салықтар мен алымдар өндіріліп алынуы мүмкін. Экологиялық алымның осы түрі мен оның мөлшерін жергілікті өкімет органдары белгілейді.

Ал жер, су, орман және жер қойнауын пайдаланғаны үшін төлемге келетін болсақ, онда ставка мен төлем мөлшері салық, не арнаулы төлем түрінде реттеледі. Мысал ретінде бұл жерде «Жер салығы туралы! Заңды немесе жер қойнауын пайдаланғаны үшін бонус және роялти төлемақысы туралы ережені айтуға болады.

Егер, кәсіпорын қоршаған ортаны өндіріс және тұтыну қалдықтарымен ластайтын болса, мұндай жағдайда да төлемдерді өндіріп алу тәртібін белгілеу бойынша ұсыныс қажет. 1994 жылы 9 тамызда Экология және биоресурстар министрінің бұйрығымен қоршаған табиғи ортаны ластағаны үшін төлемдерді белгілеу Әдістемесі бекітілді [6]. Осы құжатпен қандай өндіріс және тұтыну қалдықтары болатыны (органикалық, органикалық емес, қауіпті, химиялық, тұрмыстық, сұйық, қатты және т.б.), олардың қоршаған ортаға әсері, оларды бейтараптандыру, пайдаға асыру және қоршаған ортаға орналастыруға қарай қандай шығын қажет екендігі қарастырылған. Аталған әдістеме қоршаған ортаны ластауға қандай объект жататынын ескереді (ауа, су, жер және т.б.). Жоғарыда аталған барлық факторлар төлем мөлшерін белгілейді.

1996 жылы 15 мамырда Экология және биоресурстар министрінің бұйрығымен атмосфералық ауаны көшпелі көздермен ластағаны үшін төлемдерді белгілеу әдістемесі бекітілді. Аталған құжаттың мазмұны біздің жоғарыда жүргізген талдауларымызға, тек қана әуе ортасына қатысты жалпы мінездемені көрсетеді.

Экология саласында мемлекеттік басқарудың

экономикалық әдісі саласында қолданыстағы заңнамада қарастырылған бірден-бір құқықтық жаңартпа, ол міндетті экологиялық сақтандыруды енгізу болып табылады.

«Қоршаған ортаны қорғау туралы» Заңның 32-бабына сәйкес, экологиялық сақтандыру «қоршаған ортаға, басқа адамдардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтіру салдарынан шарттан туындайтын міндеттемелер бойынша жауапкершілік тәуекелі туындаған кездегі жеке және заңды тұлғаның мүліктік құқықтарын (сақтандырылғандарын) қорғауға байланысты қатынастар кешені болып табылады».

Міндетті экологиялық сақтандыруға экологиялық қауіпті шаруашылық қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен азаматтар жатады. Сондықтан, экологиялық сақтандырушыға түсетін заңды тұлға мемлекеттік меншік емес түріндегі кәсіпорын болуы мүмкін. Бірақ міндетті жағдай – кәсіпорынның қызметтің осы түрімен айналысуға лицензияның болуы қажет. Сонымен, Алматы қаласында Экология және биоресурстар министрлігі жекешелендірілген экспериментальды лаборатория базасында құрылған «Экополис» экологиялық сақтандыру кәсіпорны жұмыс істейді.

Заңды және жеке тұлғалардан алынған экологиялық төлемдер қоршаған ортаны қорғау бойынша өткізілетін шараларға - келтірілген зиянның өтемақысы, табиғи объектілер сапасын қалпына келтіруге жұмсалуды тиіс. Аталған нәрселерді қаржыландыру міндеті табиғатты қорғау қорына жүктеледі.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті 1993 жылы 15 қазанда №1024 «Қазақстан Республикасында табиғатты қорғау қоры туралы» қаулы қабылдады, онда Экология және биоресурстар министрлігі жанынан республикалық табиғатты қорғау қорын құру шешілді. Сондай-ақ, облыс әкімшілігінің басшыларына осыған сәйкес Экология және биоресурстар басқармалары жанынан табиғатты қорғаудың жергілікті бюджеттен тыс қорын құру туралы ұсыныс жасалды. Аталған қаулымен республикалық табиғатты қорғау қоры туралы Ереже, табиғатты қорғаудың жергілікті бюджеттен тыс қоры туралы Үлгілік (типтік) ережесі бекітілді, осы жерде «Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдерді өндіріп алу тәртібін» ерекше атап өту керек [8].


Соңғы аталған актіге сәйкес, төлем нормативті шығарындылар үшін және ластанған зат-

тардың шығындылары нормативін асырғаны үшін өндіріледі. Төлем ставкаларымен Экология және биоресурстар министрлігінің әдістемелік ұсынысы негізінде облыстық Экология және биоресурстар басқармалары есептеседі және оны жергілікті билік орындары бекітеді. Кәсіпорындар ластанған заттардың шығындылары үшін төлемді экология және биоресурстар орган-

дарының бақылауымен табиғатты қорғау қорына тоқсан сайын өздігінен аударып отырады.

Экологиялық төлемдердің барлық түрлерін көрсете келе, мен Алматы қаласының үлгісінде экологиялық төлемдерді төлеу жағдайы қандай екенін көрсеткім келеді:

Министрліктің алдағы жуық арада шешетін негізгі міндеттері



Бүгінгі күні көптеген жұмыстар экологиялық төлемдерді өндіріп алу мен оны төлеуді жақсарту бойынша ғана жасалып жатқан жоқ, сонымен бірге жалпы экологиялық тұрақтылық бойынша да бірқатар шаралар өткізілуде және жоспарланып отыр. 2012 жылға көптеген маңызды шаралар жоспарланды. Атап айтқанда, 2024 жылға дейін еліміздің аймақтары мен экономика саласында тұрақты дамуға көшуге мақсатты көрсеткіштер жасалатын болады. Экологиялық салыққа көшу туралы ұсыныстар жасау жоспарлануда. «Жасыл мұнай - Зеленая нефть» мемлекеттік сертификаттарын іздену бойынша бірінші конкурс өткізуге нормативті құқықтық акт дайындалуы тиіс.

Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын, оның ішінде күкірт мәселесі бойынша басқару жөнінде Ұлттық орталық құрылатын болады. Енді барлық «тасталған», қараусыз қалған қалдықтар мемлекеттің меншігіне өтетін болады, сөйтіп құрылған Орталықтың көмегімен олар-

ды пайдаға асыру және қайта өңдеу әлемдік тәжірибесі қолға алынатын болады.

Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының деңгейін халықаралық рейтингке көтеру бойынша басшылықты әзірлеу ойластырылуда.

Ресурстар мен энергияны жаңғырту Стратегиясы қабылданатын болады, Парламентке балама энергия көздерін қолдауға және ескірген, «лас» технологияны әкелуге тыйым салуға бағытталған заң жобалары енгізілді.

Кешенді экологиялық рұқсат алуға көшу жүзеге асырылатын болады және табиғатты пайдаланушылар арасында квотамен сауда практикасы енгізілетін болады, ол нарық жолымен аз шығын арқылы эмиссияны төмендетуге мүмкіндік береді. Мысалы, кәсіпорынға көршілес объектінің тазартылған құрылысын енгізу тиімдірек болады. Сол кезде ол белгілі жағдайларда басқа табиғат қорғаушыларымен

квота «алмаса» алады. Бұл жерде экологиялық нәтиже де, экономикалық пайда да болады.

Сондай-ақ, бұрынғы Семей ядролық сынақ полигоны аумағын бұдан әрі экологиялық сауықтыру шараларын, Қазақстанның кіші өзендерінде экологиялық таза су электр станцияларының құрылысы жобаларын дайындау жоспарлануда.

Астана қаласында экология және су ресурстарының сапасы мәселелері бойынша ірі ғылыми-зерттеу, өндірістік, лабораториялық құрылыс – Евразиялық су орталығын құру жұмысы жүргізілуде. Тәуелсіз Қазақстанның бүкіл тарихында алғаш рет тарихи шығындарды жою жұмысы басталды. «Дарьял-У» полигонынан 1000 конденсатордың бірінші партиясы автокөлікпен Германияға қайта өндеуге жөнелтілді. Американың атақты CDM компаниясының қатысуымен Ақтөбе қаласында жер асты суларын алты валенттік хромнан тазартудың озық-өндірістік сынағы ойдағыдай өтті.

Бұдан өзге, халықаралық ұйымдармен 2010 және 2011 жылдары Астана қаласында тұрақты даму бойынша министрліктер конференциясын өткізу туралы шешім қабылданды, ол Азия-Тынық мұхиты өңірін, Солтүстік Американы, Европа және ТМД елдерін қамтиды.

Қазіргі уақытта еліміз Президентінің 2012

жылы Астанада III Жер Саммитін өткізу туралы бастамасын іске асыру шаралар жүзеге асырылуда. Әлемнің барлық мемлекеттерінің басшылары тұрақты даму бойынша форумға екі рет жиналды. Осы кездесулер бұрын Африка және Америка континенттерінде өткен болатын. Енді, біздің пайымдауымызша, кезек Евразияға келді. Жер Саммитінде климаттың өзгеруі, энерго-экологиялық проблемалар, әлеуметтік-демографиялық тұрақтылық мәселелерін талқылаған дұрыс болар еді.

Әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасының Салық Кодексі 2001 жылғы 12 маусым №209-ІІ // ИС Параграф.

2 Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау Заңы 2001 жылғы 4 маусымдағы №205-ІІ // ИС Параграф.

3 1997 жылдың 22 қыркүйегінде Экология және биоресурстар министрінің бұйрығы // ИС Параграф.

4 1996 жылы 15 мамырда Экология және биоресурстар министрінің бұйрығы // ИС Параграф.

5 Қазақстан Республикасында табиғатты қорғау қоры туралы қаулы 1993 жылы 15 қазанда №1024 // ИС Параграф.

А.А. Садиров

Государственные механизмы взыскания экологических платежей в Республике Казахстан

В статье рассмотрены способы и нормы права, одного из важного направления в организации полного и объективного механизма взимания платежей, разработка единой методики исчисления конкретной суммы экологического платежа, государственный механизм взыскания экологических платежей в РК.

A.A. Sadirov

State mechanisms of collecting ecological payments in the Republic of Kazakhstan

Article discussed the ways and rules of law, one of the important trends in the organization of a full and impartial mechanism for charging, the development of a uniform methodology for calculating the specific amount of environmental payment. One of the important trends in the organization of a full and impartial mechanism for charging, the development of a uniform methodology for calculating the specific amount of environmental payment